

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы дипломатиялық өкілдіктер ғимараттарының құрылысын салу үшін жер учаскелерін өзара беру туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 4 шілде N 337-II

Анкарада 2001 жылғы 5 желтоқсанда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы дипломатиялық өкілдіктер ғимараттарының құрылысын салу үшін жер учаскелерін өзара беру туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасында Дипломатиялық өкілдіктер ғимараттарының құрылысын салу үшін жер учаскелерін өзара беру туралы КЕЛІСІМ

(2002 жылғы 4 шілдеде күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2002 ж., N 9, 61-күжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Тараптар деп аталатын),
Екі ел арасындағы дәстүрлі достық қатынастарды нығайту,
Түрік Республикасында Қазақстан Республикасының және Қазақстан Республикасында Түрік Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің болуы мен жұмыс істеуіне тиісті жағдайлар жасауды қамтамасыз ету мақсатында,

1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена Конвенциясын назарға ала отырып,

Төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Түрік Тарапы Қазақстан Тарапына 49 жыл мерзімге өтеусіз пайдалануға, кейін осы тақылеттес мерзімге ұзарта отырып, Түрік Республикасының Анкара қаласындағы Оран дипломатиялық қалашығында орналасқан алаңы 4294 шаршы метр, 25016/3 - нөмірлі учаскені, алаңы 4066 шаршы метр, 25016/4 - нөмірлі учаскені және алаңы 2810 шаршы метр, 25012/6 - нөмірлі учаскені береді.

Анкара қаласындағы жоғарыда көрсетілген жер учаскелері Қазақстан Тарапына жерден ажыратылмайтын жылжымайтын мүліктің ауыртпалығынсыз берілетін болады.

Қазақстан Тарапы көрсетілген учаскелерде Қазақстан Республикасы Елшілігінің жұмыс істеуі үшін қажетті құрылыстар сала алады.

Түрік Тарапы Анкара қаласындағы Қазақстан Республикасының Елшілігі ғимаратының құрылысы аяқталғанға дейін, Қазақстан Тарапына Түрік Республикасы, Анкара қаласы, Марты Чыкмазы, 14, Білкент 1, Білкент-Анкара мекен-жайы бойынша орналасқан, жалпы алаңы 260 шаршы метр ғимаратты өтеусіз пайдалануға береді.

Түрік Тарапы Анкара қаласындағы Қазақстан Республикасының Елшілігі ғимаратының құрылысы аяқталғанға дейін, Түрік Республикасы, Анкара қаласы, Ебузия Тевфик Сокак 6, Чанкая-Анкара мекен-жайы бойынша орналасқан, жалпы алаңы 652 шаршы метр Қазақстан Республикасының Түрік Республикасындағы Елшілігі ғимаратының жалға алу ақысын төлейді.

Егер, Қазақстан Республикасының Түрік Республикасындағы Елшілігі қазіргі уақытта өзі орналасқан ғимаратты ауыстыруға ниет білдірген жағдайда, Түрік Тарапы төлейтін жалға алу ақысының сомасы жылына 60000 АҚШ долларынан аспауы тиіс. Бұл ретте жаңа ғимаратты таңдауды Қазақстан Тарапы Түрік Тарапымен ынтымақтаса отырып жүргізетін болады.

Түрік Тарапы Қазақстан Республикасының консулдық өкілдігі үшін Стамбұл қаласында ғимарат беруде жәрдем көрсетеді.

2-бап

Қазақстан Тарапы Түрік Тарапына 49 жыл мерзімге өтеусіз пайдалануға, кейін осы тақылеттес мерзімге ұзарта отырып, Астана қаласындағы Қараөткелде орналасқан, жалпы алаңы 13600 шаршы метр және Жастар ықшам ауданындағы жалпы алаңы 17600 шаршы метр жер учаскелерін береді.

Астана қаласындағы жоғарыда көрсетілген жер учаскелері Түрік Тарапына жерден ажыратылмайтын жылжымайтын мүліктің ауыртпалығынсыз берілетін болады.

Түрік Тарапы жоғарыда көрсетілген учаскелерде Түрік Республикасы Елшілігінің жұмыс істеуіне қажетті құрылыстар сала алады.

Қазақстан Тарапы Түрік Тарапына 49 жыл мерзімге өтеусіз пайдалануға, кейін осы тақылеттес мерзімге ұзарта отырып, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 29 мекен-жайы бойынша орналасқан Түрік Республикасының дипломатиялық өкілдігінің және/немесе консулдық мекемесінің мұқтажы үшін жалпы алаңы 465 шаршы метр ғимаратты және іргелес жатқан алаңы 1700 және 2200 шаршы метр жер учаскелерін береді.

3-бап

Осы Келісімнің 1 және 2-баптарында көрсетілген ғимараттар, құрылыстар және жер учаскелері борыштардан азат күйінде, ауырпалықтарсыз және үшінші тұлғалардың құқықтарынсыз беріледі.

4-бап

Тараптар болатын елінің сыртқы істер министрлігінің жазбаша рұқсатынсыз осы Келісімде көрсетілген учаскелерді басқа жеке немесе заңды тұлғаларға бере алмайды.

5-бап

Тараптар болатын елдерінде қала құрылысы мен сәулет саласындағы қолданылып жүрген заңнаманы сақтауға міндеттенеді.

6-бап

Осы келісімнің 1 және 2-баптарында көрсетілген жер учаскелері мен ғимараттар, болатын елде алынатын барлық салықтардан, алымдар мен баждардан босатылады.

7-бап

Жөндеудің, электр, газ, су және жылумен жабдықтаудың, байланыс қызметін көрсетудің барлық шығыстарын Тараптардың дипломатиялық өкілдіктері төлейді.

8-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты туындауы мүмкін барлық дауларды Тараптар өзара консультациялар және келіссөздер жолымен шешетін болады.

9-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

10-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

2001 жылғы 5 желтоқсанда Анкара қаласында әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді ұстанатын болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының
Түрік Республикасындағы Елшісі
жөніндегі Бас директоры

Түрік Республикасының

Түрік Республикасы Сыртқы істер
министрлігінің консулдық істер

М а м а н д а р :
Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Икебаева Ә.Ж.